

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016»** атты  
XI Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

---

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XI Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»**

---

PROCEEDINGS  
of the XI International Scientific Conference  
for students and young scholars  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір  
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2016»  
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XI Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS  
of the XI International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2016»**

**2016 жыл 14 сәуір**

**Астана**

**ӘӨЖ 001:37(063)**

**КБЖ 72:74**

**Ғ 96**

**Ғ96** «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – .... б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-764-4**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**ӘӨЖ 001:37(063)**

**КБЖ 72:74**

**ISBN 978-9965-31-764-4**

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2016

шабақтай шүпірлету; Ағыл.: as flat as a flounder – камбала балықтай теп-тегіс, жазық, close/dumb as an oyster – устрицадай үндемеу, мылқау, аузын ашпау, swim like a fish – балықтай жүзу. 12. Тарихи оқиғалар мен тарихи тұлғаларға байланысты жасалған ФТ-лер: Қаз.: Абылай аспас асудай, Атымтайдай жомарт, Наушаруандай әділ; Ағыл.: as game as Ned Kelly – Нед Келлидей күшті. Нед Келли атақты қарақшы, as old as Methuselah – Мафусаилдай (библия кейіпкері) кәрі, ескі, as pleased as Punch – Панчодай (көше кезіп жүретін қуыршақ театрының кейіпкері) разы, риза.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі фразеологиялық теңеулердің жалпы мағынасы мен фразеологиялық мағынаны жасаудағы теңеу бейнесінде қолданылатын ұйытқы сөздерді зерделей келе төмендегідей тұжырым жасауға болады:

1. Мағыналық жіктелу тұрғысынан қазақ тілінде ФТ-дің 12 негізгі мағыналық тобы, ал ағылшын тілінде 10 мағыналық тобы анықталды. Ағылшын тілінде арақашықтық пен уақытты сипаттайтын ФТ-лер біз жинаған материалда кездеспеді.

2. Теңеу бейнесі қызметін атқаратын ұйытқы сөздер екі тілде де 12 тақырыптық топтың атауларынан жасалады. Дегенмен, бір тақырыптық топқа жататын ФТ-лер саны екі тілде бірдей емес. Мысалы, ағылшын тілінде өсімдік атаулары, діни атаулар, құс және жәндік атаулары көбірек кездессе, қазақ тілінде үй жануарлары, күнделікті тұтыну заттар атаулары саны жағынан ФТ-лер жасауда басымырақ қолданылады. Екі тілде де фразеологиялық теңеулер негізінде адамның өмірі мен қызметін, сипаты мен әртүрлі қасиеттерін, мінез-құлқын т.б. қасиеттерін бейнелі сипаттау үшін қолданылатыны байқалады.

3. Тілде көрініс табатын ұлттық ерекшеліктер фразеологизмнің құрамындағы ұлттық мәдени компонентімен байланысты. Мәселен, үй жануарларының тақырып тобын қарасақ, қазақ тілінің фразеологиялық теңеулерінде көбіне жылқы, қой, түйе компоненттері, ал ағылшын тілінде шошқа, тауық, қаз компоненттері жиі қолданылады, яғни кей атаулардың фразеологизмдік белсенділігі қазақ тілінде жоғары, ағылшын тілінде төмен болса, ал кейбір атаулардың осы қасиеті керісінше ағылшын тілінде жоғары, қазақ тілінде төмен болып келеді.

Дүниетаным, ойлау қабілетінде салғастырылушы тіл иелері халықтарда ортақ болғанымен, өмір сүру жағдайы, табиғи орталығындағы айырмашылыққа қатысты бейнелеу, суреттеу, әсерлеу нысандары мен эмоционалдық жағынан алғанда әр халықтың өзіндік ұлттық ерекшелігі бар. Мысалы, қазақ тіліндегі қыздың жиған жүгіндей деген фразеологиялық теңеудің ағылшын тілінде баламасын табу өте қиын. Бұл – қазақ халқының көшпелі тұрмыс-тіршілігі, өмір салтымен байланысты әсемдікті танытудың көрінісі. Сол сияқты, ағылшын тіліндегі (as) dumb as a woollen Indian (сөзбе-сөз: дүкен алдында тұрған индеецтей), жалпы топас, ақымақ деген мағынада қолданылады. Жарнама ретінде Америкада темекі сататын дүкендердің алдында индеецтің ағаш мүсіндерін қою осы елдің дәстүріне жатады. Ал американдықтар түсінігінде ертеде индеецтер ақымақ, топас деп бағаланған.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Кунин А.В. Курс фразеологии современного английского языка - Высшая школа, 2000, 381 с.
2. Akizhanova D.M., Satanova S.K. FUNDAMENTALS OF ARGUMENTATION THEORY: NEW VIEWS, NEW TRENDS. The collection includes material reports 3rd International Scientific and Practical Conference "Science and Society". London 20-21 March 2013, Vol 2, p 292-295.
3. Бенвенист Э. Общая лингвистика - М.: «Прогресс», 1974, 468 с.

ӨОЖ 371.3:811.581

#### **ҚЫТАЙ ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ**

**Садықова Құралай Жасболатқызы**

Тіл – халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін-келбеті, болмысы. Елбасы жолдауында кез – келген орта санатты мектептің балаларының ең жоғарғы деңгейдегі шет тілін оқып үйренуіне жағдай жасайтындай дәрежеге қол жеткізуіміз керек делінген. Жалпы орта білім беретін мектептерде қазіргі таңда шет тілін меңгертуге аса мән беріліп отыр. Қазақстан Республикасындағы ең бірінші кезекте тұрған тіл саясаты туралы басты мәселе мемлекеттік тілді еркін меңгерту, шет тілін меңгертудегі басты мақсат-білім алушылардың сапасын халықаралық стандартқа сай көтеру. Бұл үшін жетілдірілген әдіс шетел ғалымдарының іс-тәжірибелерімен танысу қажет екендігі ешбір дау туғызбайтыны белгілі [1].

**Тілдердің ішінде қытай тілі** – ең ежелгі және дүние жүзі бойынша көп тараған тіл. Біріккен Ұлттар ұйымының ресми тілдерінің бірі. Тибет тілдері тобына жатады, [Тайвань](#), [Сингапур](#), [Малайзия](#) тағы басқа елдерде қолданылады, 1,5 миллиардтан астам адам осы тілде сөйлейді.

Экономикасының дамуы және қытай философиясына, тарихына және сәулетіне деген қызығушылық танытқандардың ішінде Қазақстанда да бар. Қытай тілінің күрделілігі мен иероглифтік жазбасына қарамастан, осы тілді оқимын деген адамдардың саны көбейе түсуде, соның ішінде қазақстандықтар да өз қызығушылығын танытуда [2].

Белгілі қытайтанушы Д.Мәсімханұлының айтуынша «Сонғы жылдары екі ел халықтарының барыс-келісі де қарқын ала түсті. Қазақстан мен Қытай елінде бір-біріне жұмыс, оқу, саяхат бабымен барыпкелетіндердің саны жылдан-жылға арта түсуде. Бүгінгі таңда, бірнеше мыңдаған қазақстандық студент Қытайда білім алып жатқан болса, Қазақстанда білім алатын студенттердің саны да мыңнан асып жығылады. Төрт бірдей Конфуций институты Қазақстан жерінде тамыр жайып, қазақстандық жас жеткіншектер мен оқушылардың қытай тілін үйрену мен қытай мәдениетімен танысуына үлкен жол ашып берді. Сондай-ақ Қазақстанның бірнеше жетекші жоғары оқу орындарында қытайтану, қытай тілі мамандықтары ашылып, мамандар дайындай бастағанына да ширек ғасырға аяқ басып барады [3, 5].

Қазақстанда тұңғыш рет 1989 жылы Қазақ ұлттық университетінде қытай тілі кафедрасы ашылса, қазіргі кезде қытай тілі факультеті Қазақстанның көптеген оқу орындарында бар. Елде 2007 жылы әлемдік Конфуций институттар желісінің бөлімі ашылды. Қазір оның төрт қалада (Алматы, Астана, Ақтөбе, Қарағанды) кеңсесі бар. Қытай тілін үйрететін курстардан бөлек, тұтастай институт, колледждер де бар.

Жастар арасында қытай тілін үйренушілер көп. Оның ішінде тек тілді үйрену үшін ғана емес, Қазақстанға керек мамандықтарды, әртүрлі техникалық ғылым салалары бойынша үйренуге, бакалавриат бағдарламасына түсуге, магистратураға түсуге қызығушылық танытып жатқандар көп [4].

Қытай тілін оқыту әдіс-тәсілдеріне, қытай тілін оқытудың әдістемесіне тоқталмас бұрын, қытай тілінің өзіндік ерекшеліктерін айта кетейік:

- Қытай тілінде төрт үн бар, мағына үн (тон) арқылы анықталады;
- әрбір [иероглиф](#) бір буын болып есептеледі;
- жалаң буынды сөздер жиі кездеседі, күрделі сөздер көп түбірден құралады, бірақ морфологиялық түрлену болмайды;
- сөздердің орын тәртібі мен шылаулар қолданысы негізінде грамматикалық мағына айқындалады [2].

Қазіргі таңда шет тілін оқыту сапасына, яғни қытай тілін оқыту сапасына да деген сұраныс артуда. Одан басқа критерийлердің де маңызыдылығы өсіп отыр. Мәселен,

➤ Жаңа әдістемелік теориялардың дамуы

- Оқыту практикасы
- Оқытушылардың еңбектері мен ізденістері[5,15].

Әдістемелердің дамуы-бастапқы саты. Оқушыларға арналған кітап заманға сай дамып отыру керек. Қытай тілін орыс тілінде оқытатын көп. Біздің университетімізде біз 1 курстан бастап өте сапалы, бірақ орыс тіліндегі «Новый практический курс китайского языка» кітап арқылы үйреніп отырмыз. Алдағы уақытта бұл кітапты қазақ тіліне аудару үлкен прогресс болатын еді.

Енді оқыту практикасына көшетін болсақ, оны бірінші қадамнан бастап дұрыс бастау керек. Қытай тілін үйрету ең алдымен оның пинин(транскрипция)нынен басталады. Қытай тілінде пин-ин үш бөлімнен тұрады: шыңму(инициал), юнму(финал) және шындыу(тон). Мысалы, «mā» деген буында: «m» – шыңму(инициал), «a» – юнму(финал), «a» деген әріптің үстіндегі сызықша тонды білдіреді. Тондарды былайша бейнелеуге болады: ma55 . Қытай тілінде 21 шыңму, 36 юнму бар. 36 юнмудың жетеуі жалаң юнму, он үшін қосар юнму, он алтысы мұрын жолды юнму.[6] Сонымен бірге қытай тілінде төрт тон бар. Тонды үйрету қытай тілінде маңызды. Өйткені, айтып кеткеніміздей мағына үн (тон) арқылы анықталады. Егер тонды тонды ауыстырып жіберсек, ол басқа сөзге айналып кетеді. Мысалы, егер оқушы бірнәрсе сұрағысы келсе ол 老师, 我想问您[lao shi, wo xiang wen pin] деп айтады. Бұл жерде «问» төртінші тон. Ал, егер оқушы осы сөзді екінші тонмен былай айтатын болса 老师, 我想吻您 [lao shi, wo xiang wen pin], яғни аудармасы «Ұстаз, мен сізді сүйіп алғым келеді», онда сөйлемнің мағынасы мүлдем басқа юолып кетеді. Сондықтан тондар өте үлкен рөл атқарады [7].

Қытай тілін оқытуда мына ерекшеліктерге аса көңіл бөлінеді:

1. Тон белгісі негізгі дауысты дыбыстың үстіне қойылады. Егер тон белгісі «і»-нің үстіне қойылса, «і»-нің үстіндегі нүктесі міндетті түрде жазылмайды.
2. «і» және «і»-мен басталатын юнмулардың алдында шыңму болмаған жағдайда уі, уа, уе, уао, уоу, уан, уін, уанг, уінг, уонг түрінде «у» қосылып жазылады.
3. «и» және «и»-мен басталған юнмулардың алдына шыңму болмаған жағдайда wu, wa, wo, wai, wei, wan, wen, wang, weng түрінде «w» қосылып жазылады.
4. «үй» және «үй»-мен басталған юнмулардың алданда шыңму болмаған жағдайда уи, уие, ууан, уун түрінде жазылады да, үстіндегі екі нүктесі міндетті түрде түсіріледі.
5. «үй» және «үй»-мен басталған юнмулар j, q, x шыңмуларының соңынан жазылғанда, үстіндегі екі нүктесі түсіріліп ju, qu, xu түрінде жазылады, алайда n, t шыңмуларының соңынан жазылғанда нүктелері міндетті түрде түсірілмейді.
6. Егер «ег» сөзінің аяғына модификация мақсатымен қосылса, онда «г» түрінде жазылады. Мысалы: “花儿” “гүл” дегенді «huā ér» деп жазылады.
7. Үшінші тонмен оқылған екі қытай иероглифі қатар келгенде, алдыңғысы екінші тонмен оқылады. Мысалы: nǐ hǎo (сәлеметсіз бе?) - nǐ hǎo болып оқылады.[6]

Қытай тілі осымен аяқталмайды. Енді нағыз қытай тілінің қиын мәселелердің бірі- иероглифтер. Қазіргі қытай тілінде екі тілдік форма бар, олар – ауызша және жазбаша. Грамматикалық және лексикалық қатынас халықтық әдеби тіл – қытай тілі солтүстік диалектіге бағытталған. Оның фонетикалық формасы пекиндік дыбыстау арқылы жасалған. Атақты қытай тілінің «Канси» сөздігінде 47 мыңнан астам таңба бар. Бірақ күнделікті тұрмыста қолданатын иероглиф саны – 3000-ға жуық. Қытай жазуы иероглифтік жазудың бүгінгі күндегі ең дамығаны болып есептеледі. Бір иероглиф белгілі мағынаны білдіріп, бір фонетикалық заңдылықтар бойынша бір фонема болып есептеледі. Сондай ақ қытай иероглифтері жеке дыбысты немесе фонеманы білдіре алмайтындықтан тілдегі бүкіл сөздік қорға жеке-жеке таңба жасап шығуға тура келгені мәлім. Осылайша қытай тілі сөздерінің мағынасы бейнелейтін таңбалар неше мыңдаған түрден асып жығылады. Мысалы, қазіргі кей бір сөздіктерде 50 мыңнан астам иероглиф қамтылып отырғаны айтпасак та түсінікті.

Иероглифтерді үйренген кезде оның кілттеріне назар салу керек. Кілттер арқылы есте сақтау оңайырақ. Иероглифтерді бірнеше түр таңбаларға жіктеуге болады.

1. Бейнелік таңбалар. Бұл таңбалар қарапайым пиктограммалардан шыққан. Уақыт өте келе бұл таңбалар жеңілдеп, түрін өзгертіп, өзінің бастапқы түрін жоғалтқан. Дегенмен оның бейнесіне қарап қандай зат туралы айтылып тұрғанын түсінуге болдады.

水 – су

日 – күн

木 – ағаш

雨 – жаңбыр

Мысалы:

2. Нұсқаушы таңбалар. Бір нәрсеге немесе бейнеге нұсқап, сондай-ақ бір бейненің орналасқан жерін көрсететін таңбалар. Мысалы:

上 – үстіне, үстінде

下 – астына, астында

3. Синтетикалық таңбалар. Бұл таңба бірнеше қарапайым бейнелік және нұсқаушы синтездік таңбаларды білдіреді.

林 – орман (екі ағаш)

4. Фонетикалық таңбалар. Екі бөліктен тұрады: аталмыш түсінікке байланысты, яғни детерминатив (кілті бар) және жуық шамамен иероглифтың дыбысын беретін фонетика. Яғни «ағаш» кілті «орман» тақырыбына байланысты көптеген иероглифтардың құрамына

松 (sōng) – қарағай (公 gong)

кіреді. Мысалы: 树 – ағаш отырғызу

5. Түрі өзгерілген таңбалар. Бұл топқа кейбір элементтері өзгерілген жоғарыда көрсетілген 4 категорияның иероглифтары кіреді.

6. Жаңа таңбалар. Бұл топқа жаңа терминдер мен түсініктерді белгілейтін иероглифтар кіреді. Көбінесе бұл таңбалар транскрипциялық-фонетикалық принцип бойынша құрастырылған. Иероглифтың мазмұнын түсіну үшін, оның тарихына шолу жасап, мәніне назар аудару керек. Төменде бірнеше мысал келтірілген: «nv» – қыз. Қытай елінде қыз



虫 皮 女

бейнесі, қыздың жүріс – тұрысы ерекше сипатталған. Яғни, инабаттылық, ибалық қасиеттерін ескере отырып, жазба әріптік таңбаларды сол кейіпте берген. Әрине уақыт өте келе, заманауи талаптармен, өркениеттің алға басуына байланысты «nv» яғни «қыз» қытай тіліндегі иероглифтік таңбасы өзгергенмен, түп-нұсқадан айырмашылығы тек дәлдігінде, яғни әр сызық ұшталып белгіленген.

Таңбалардың осылай жіктелуі арқылы біз иероглифтерді тез есте сақтап, қолдана аламыз. Әсіресе иероглифтерді бір бейнемен, пішінмен, құбылыстармен және тағы басқа заттармен байланыстырып оқушыларға түсінікті тілмен үйрете аламыз. Мысал

1  
金  
2

ретінде, «Jīn» – алтын. Аз сөз алтын демекші, алтынға тоқтар жөніміз бар. Қазақ халқы алтынды салмақты сөз бен тәрбиелікке теңеген. «Алтындай адам» сөз тіркесі осыған дәлел. 1-ші – бөлігін жер асты деп қарастырсақ, 2 – ші бөлігі көзге түсер, лаулап тұрған бір бейнеге ұқсас, оны алтын деп алдық. Яғни, толықтай келе, жердің астындағы пайдалы қазба деген тұжырым. Көріп отырғанымыздай, иероглифтер кілттер (бөлімдер) арқылы қолайлы. [8]

Қытай тілін үйрету оңай іс емес. Оқытушылардың жаңаша ізденулерімен шығармашылықтары сабақ оқыту процессіне көмек бере алатындай бағытталу-өте маңызды. Біріншіден, оқытушыға ол үшін қажетті, сапалы кітаптар қажет. Бұл жерде тоқтала кететін болсақ, Қазақстанда қазақ тілінде қытай тілін оқытатын кітаптар көп емес. Болашақта адамдарды қытай тіліне деген қызығушылықты ашу үшін, қазақ тілінде қытай тілін оқытуға арналған кітап қарқынды басып шығару керек.

Екіншіден, оқытушыдан үлкен сабырлықты, шеберлікті талап етеді. Қытай тілін түсіндіру және оны оқытушыларға жеткізу өнердің бірі.

Қытай тілінің лексикасын бірінші кезеңнен бастап дұрыс оқыту, яки әрбір иероглиф бірнеше мағына беретінін, сөйлем мағынасына қарай өзгеретінін айту. Мысалы:

想 [xiang] иероглифі. Ол «ойлау», «сағыну», «қалау» мағыналарын білдіреді. Тағы негізгі етістіктің алдында модальді етістік түрінде тұруы мүмкін:

我想想 [wo xiang xiang] Мен ойланып көрейін.

我想她不会来的 [wo xiang ta bu hui lai de] Менің ойымша, ол келе алмайды.

我想你 [wo xiang ni] Мен сені сағындым.

我想学习汉语 [wo xiang xue xi han yu] Мен қытай тілін үйренгім келеді. [7]

Қытай тілін оқытуда білімнің көлемі емес, оның сапасы жоғары болу керек. Қытайлықтардың өздеріне ғана тән ойлау қабілеті, логикасы, сөйлем құру әдісі, сөйлеу мәдениеті ерекше, басқа халықтардан айрықша. Осының бәрін қытай тілін беретін ұстазға оқытушыларға үйрету-міндет.

Алайда қытай тілін үйреніп білу тек оқытушыға байланысты емес. Оқытушының алға қойған мақсаты, оның қытай тіліне құлшынысы, қызығушылығы оқу бабына үлкен әсер етеді. Егер қытай тілін оқығысы келетін адам шын ниетпен, қытай тіліне көңіл бөліп оқып, талпынса, қытай тілін білетін жақсы маман болып шығады және де тілді үйренумен қатар ұлы халықтың ежелгі және әр түрлі мәдениетімен танысуға мүмкіндік береді. Шетелдік білім беру нысаны «Тіл-мәдениет-тұлға» конструкты [5,9] қытай тілін оқытуда ұстану жақсы ұсыныс.

Бүгінгі таңда әртүрлі халықтар мен мәдениеттердің араласуы мен өзара түсінісу мәселелерін барынша ыждаһатпен қарау талап етілуде. Осы талапты, осы сұранысты іске асыру барысында **мәдениетаралық коммуникация** сияқты қоғамдық феномен пайда болды. Мәдени құндылықтардың тең құқықтығы, кез келген мәдениеттің біргеілігі басқа мәдениеттің нормаларын, құндылықтармен мінез-құлық типтерін құрметтеуді талап етеді. Осының бәрі әр халықтың мәдениетіне оң көзқарасты қажет етіп, мәдениеттің ішкі дүниесін түсінуге, білуге құлшынысын қалыптастырады.

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасының Қытаймен қарым-қатынасы өмірдің барлық саласында дамып өркендеуде. Ендеше Қытай елінің мәдениетін, мәдени құндылықтарын өз мәдениетімен, мәдени құндылықтарымен салыстыра игере білу ерекше орынға ие. Осы тұрғыдан қарағанда Мәдениетаралық коммуникацияны түсінудің мәні зор.

Қорыта айтқанда, біз бұл мақалада Қытай халқының тілімен танысып, оның оқыту амал-тәсілдеріне тоқталдық. Этнос пен этнос арасындағы коммуникацияның орны ерекше. Ол әртүрлі ұлт өкілдерінің арасындағы коммуникация. Әртүрлі ұлттардың бір қоғамда өмір сүруі осы ұлттардың мәдени құндылықтарының бірін-бірі байытуға, мәдени табыстарын бір-бірімен алмастыруға мүмкіндік береді.

«Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл» деген мақалда айтқандай тіл білу жақсы қасиеттердің бірі. Ал оны біреуге үйретіп, мұра етіп қалдыру таптырмас шеберліктің белгісі. Сондықтан оқып, біліп және үйретейік!

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Шет тілін оқытудың психологиясы. <http://edu.semgu.kz>
2. <https://kk.wikipedia.org>
3. Д. Мәсімханұлы Қытай туралы қырық сөз. – Астана: Фолиант, 2014- 586 б.

4. <http://www.azattyq.org>
5. С.С.Құнанбаева Қазіргі шеттілдік білім берудің теориясы мен практикасы. – Алматы, 2010 – 324 б.
6. <https://kazprose.wordpress.com>
7. Ф.Н. Даулет Китайский язык: проблемы изучения и преподавания
8. Маткаримова Зауре, Мұса Әсем *Қытай тіл білімі*

ӘОЖ 615.814(510)

## ҚЫТАЙ МЕДИЦИНАСЫ: ИНЕМЕН ЕМДЕУ

Сайынова Оразгүл Өтеуқызы

[saiynova.ozargul@mail.ru](mailto:saiynova.ozargul@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Қытай филологиясы мамандығының  
студенті

Ғылыми жетекшісі – Шәріпхан М.

Инемен емдеу Қытайда 2500 жыл бұрын пайда болған, ал Батыста 1970 жылдары ғана таныла бастады. Инемен емдеу әдісі жұқа металл инені тері астына шаншу арқылы іске асады. Бұл дәрігер-маман көмегімен немесе арнайы электрлі аппаратпен жүргізіледі. Ине шаншу – адам денесінің құрылысын, адам денесіндегі акупунктуралық нүктелер орналасқан оқшау жүйке орталықтарына негізделген көне әдістердің бірі. Инемен емдеу ауруды жеңілдету мақсатында қолданылады және созылмалы тыныс жолы ауруларын және көз ауруларын, сонымен қатар есірткіге тәуелділікті жою үшін қолданылатын балама дәстүрлі емдеу әдісі саналады.

Ежелгі Қытай медицинасының бағыттарының бірі болып саналатын бұл әдіс дененің арнайы арналары арқылы өтетін өмірлік қуат ілімі деп аталады. Осы арналар бойынша виталдық қуат және Ки қуаты дененің әр түрлі органдарынан өтіп, олардың қалыпты жұмыс жасауын қамтамасыз етеді. Ки энергиясы өтетін әрбір осындай арна ағзаның сыртқы жүйесімен байланысты. Кидің біркелкі түсуі бұзылған немесе тоқтаған жағдайда аурулар дами түседі. Адам ағзасы арқылы өтетін меридиан жүйесінде Ки энергиясының ағынын қалыпқа келтіре отырып, оны жақсартатын 1000-нан астам белсенді нүктелер бар. Ине шаншу осы меридианның ластануын анықтауға және оны жоюға көмектеседі. Инемен емдеу тері астындағы белгілі бір нүктелерге әсер ете отырып, энергия ағынын қалыпқа келтіреді.

Дәстүр бойынша, инемен емдеуге тері астындағы белгілі бір анатомиялық нүктелерге енгізілетін өте жұқа және өткір инелер пайдаланылады. Ерте кездерде бұған жануар сүйектерін, үшкір тастарды және бамбук талшықтарын қолданған. Қазіргі кездегі инемен емдеуде тот баспайтын, болаттан жасалған стерильденген инелер пайдаланылады, ал ең жақсы нәтиже алу үшін кейде төменгі жиілікті ток қолданылады. Қазіргі кезде осы емдеу әдісіне қолданылатын арнайы ине түрлері және емдеу әдістері өте көп, әрі жылдан-жылға бұл әдіс дамып, жаңа түрлері де шығуда.[1]

Қытайдың көне әдебиеттерінің бірі «Патша баянының» Лин Шу атты бөлімінде «тоғыз ине» атауымен ине түрлері жіктелген. Олар мыналар:

1. Жебе басты ине. Тері бетін шаншуға арналған жіңішке тұлғалы ине.
2. Жұмыр басты ине. Бұлшық ет ауруларын емдеуге арналған, нүктелерді уқалауға арналған домалақ ұшты ине.
3. Біз ине. Қан тамыр ауруларын емдеуге арналған жұмыр ұшты ине. Ұзындығы 3.5 цун (1 цун мөлшермен 2.5 см мөлшерінде) болады.
4. Қырлы ине. Шаншып қан шығаруға, іріңді ісіктерді емдеуге арналған ине. Үш қырлы болып келеді.
5. Семсер ине. Кесіп ірің ағызуға, денеден қан шығаруға арналған ине. Ұшы өткір, ұзындығы 4 цун.